

Бибигуль Бюлегенова¹, Айгүл Әміржанова², Жанерке Ералина³

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің
доценті, саяси ғылымдарының кандидаты,
e-mail: bibigul_bb@mail.ru*

*^{2,3}Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Саясаттану кафедрасының докторанты,
e-mail: aigul_2010nur@mail.ru², zhanerkeyeralina@gmail.com³
(Астана, Қазақстан)*

ӘКІМДЕР САЙЛАУЫ – 2021: ҚОҒАМНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛАНУЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА КОММУНИКАТИВТІ ТРЕНДТЕР

Аңдатпа. Сайлау институты Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері өкілді билікті қалыптастырушы демократияның басты белгісі мен принципі ретінде қызмет атқарып келеді. Сайлау институтының жетілдірілуі осы жылдарға дейінгі реформалар арқылы жүзеге асуда. Жоғары билік органдарымен қатар, 2021 жылы ауылдық округтардың әкімдерін де сайлау арқылы таңдау мүмкіндігіне халықтың ие болғаны белгілі. Осы мақалада үміткерлердің саяси партиялар арқылы тіркелуімен қатар өзін-өзі ұсыну арқылы ауылдық әкімдік лауазымына сайлануы осы сайлау нақанындағы жаңа коммуникативті тренд ретінде қарастырылады. Сайлау заңнамасына «барлығына қарсы» бағананың енгізілуі жаңа өзгеріс ретінде қарастырылады.

Орталық сайлау комиссиясы және мемлекеттік статистика агенттігінің мәліметтері, сонымен бірге интернет ақпарат көздеріне мониторинг жүргізу арқылы 2021 жылғы әкімдер сайлауына талдау жүргізіліп, ғылыми қорытынды алынды. Зерттеу негізінде алынған қорытындыға байланысты ауыл әкімдерін сайлау өзекті болғандықтан, оны жетілдіру, ұйымдастыру барысында әртүрлі саяси-коммуникативті технологияларды демократияның басты принципі ретінде қолдану аясын кеңейту ұсынылды.

Түйін сөздер: *Сайлау, коммуникативті тренд, демократия, саяси-коммуникативті технологиялар, статистика*

Бибигуль Бюлегенова, Айгүл Амиржанова, Жанерке Ералина ВЫБОРЫ АКИМОВ – 2021: НОВЫЕ КОММУНИКАТИВНЫЕ ТРЕНДЫ НА ПУТИ К ДЕМОКРАТИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА

Аннотация. Институт выборов с момента обретения Казахстаном независимости служит главным признаком и принципом демократии, формирующей представительную власть. Совершенствование института выборов до сих пор происходит благодаря реформам. Как известно, наряду

с высшими органами власти, в 2021 году население получило возможность выбирать акимов сельских округов путем выборов. В этой статье избрание кандидатов на должность сельской администрации путем самовыдвижения наряду с регистрацией через политические партии рассматривается как новый коммуникативный тренд в этой избирательной кампании. Введение графы «Против всех» в избирательное законодательство рассматривается как новое изменение. Проведен анализ и получено научное заключение выборов акимов 2021 года по данным Центральной избирательной комиссии и Агентства государственной статистики, а также мониторингу интернет-источников информации. В связи с выводами, полученными на основе исследования, было предложено расширить сферу применения различных политико-коммуникативных технологий в качестве главного принципа демократии, поскольку выборы сельских акимов были актуальны.

***Ключевые слова:** Выборы, коммуникативные тренды, демократия, политико-коммуникативные технологии, статистика*

Bibigul Bulegenova, Aigul Amirzhanova, Zhanerke Yeralina
ELECTIONS OF AKIMOV-2021: NEW COMMUNICATION TRENDS
ON THE WAY TO THE DEMOCRATIZATION OF SOCIETY

Abstract. Since Kazakhstan gained independence, the institution of elections has been the main feature and principle of democracy, which forms representative power. Improving the institution of elections is still taking place thanks to reforms. As you know, along with the highest authorities, in 2021, the population got the opportunity to elect akims of rural districts through elections. In this article, the election of candidates for the position of the village administration through self-nomination, along with registration through political parties, is considered as a new communication trend in this election campaign. The introduction of the column "Against all" in the electoral legislation is considered as a new change. An analysis was carried out and a scientific conclusion was obtained for the elections of akims in 2021 according to the data of the Central Election Commission and the State Statistics Agency, as well as monitoring of Internet sources of information. In connection with the conclusions obtained on the basis of the study, it was proposed to expand the scope of various political and communication technologies as the main principle of democracy, since the elections of rural akims were relevant.

***Keywords:** Elections, communication trends, democracy, political and communication technologies, statistics*

Кіріспе

Қазақстан Республикасының демократиялану процесі тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы жолында жыл санап жетілдіріліп келеді. Мемлекеттің алдында өкілді билік институттарын сайлау арқылы қалыптастыру

өзінің даму жолын реформалар арқылы жүзеге асыру мәселелері тұр. Сайлаулардың өкілді билікті қалыптастырушы институт ретіндегі бірден-бір принципі оның әділ, ашық өткізілуінде. Осы талаптардың жүзеге асырылуы үшін Қазақстан Республикасы сайлау институтының заңнамалық-құқықтық негізін қалыптастырды. Оны жетілдіруде реформалар жүзеге асырылды. Осы процестің демократиялық стандарттарға сай әділ ұйымдастырылуы осы кезеңдегі сайлау барысындағы қолданылатын коммуникативтік технологияларға байланысты. Еліміздегі өткізілген алғашқы сайлаулардан бастап, бүгінгі күнге дейін технологияларда жетілдіріліп келеді. Осы ғылыми мақалада қарастырылатын мәселе Қазақстанның жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің демократиялық талаптарға сәйкес құрылуы мен дамуын жетілдірілу мақсатында өткізіліп отырған жергілікті ауылдық әкімдерді сайлау мәселелері мен осы сайлаудағы жаңа коммуникативті трендер жайлы талдау жасау.

Ауылдық әкімдерді сайлау барысындағы үміткерлер құрамы үлесі, аймақтар бойынша ерекшеліктері талданды. Осы уақытқа дейінгі өткізілген әкімдер сайлауынан артықшылықтары, ұйымдастырушылық жағынан жаңа коммуникативті трендтер талданды.

Талқылау және нәтижелер

2021 жылы 25 шілдеде ауылдық деңгейдегі әкімдер сайлауы өтті. Қазақстанның 14 облысында 1 845 сайлау учаскесінде сайлаушылар жалпы тіркелген 2 172 үміткерден төрт жылдық өкілеттік мерзімі аяқталған 730 әкімнің орнына облыстық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер әкімдерінің басшыларын сайлады.

Алғаш өткізілген ауыл әкімдерін сайлау тура сайлау құқығы негізінде жүзеге асты. Аталған сайлау құқығы азаматтарға тікелей өздері қалаған кандидатты таңдауларына мүмкіндік бергендіктен демократиялық талаптардың орындалуына мүмкіндік беретін бірден-бір сайлау құқығы ретінде қарастыруға болады. Бұл процесте электоратпен жұмыс істеуде үміткерлерде тікелей коммуникативті технологияларды пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Алғашқы әкімдер сайлауы тұңғыш Президенттің 1998 жылы ұсынысымен жүзеге асты. 1999 жылы көктемде Алматы облысының Шамалған ауылының әкімін сайлау жүзеге асты. Осы үрдіс жалғасы 2001 жылы 20-қарашада 28 ауылдық жерлердегі әкімдерді сайлау ретінде өтті. Конституциялық заңға сәйкес, 2001 жылы 23 маусымда қабылданған «Ауыл округтарының, ауылдардың, поселкілердің әкімдерін сайлау туралы» ҚР Президентінің жарлығының негізінде өткізілді. Әкім лауазымына 72 кандидат ұсынылып, 30 мыңнан астам сайлаушылар дауыс беруге қатысты. Сайлау қорытындылары бойынша әкім болып 24 ер адам мен 4 әйел адам сайланды [1]. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту туралы қабылданған заңның нәтижесінде аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық және кенттік округтер әкімдерін сайлауда мәслихаттардың рөлі артты. Ауыл әкімі жанама дауыс беру арқылы аудан әкімінің ұсынуымен мәслихат депутаттарының келісімімен 4 жылға сайланатын. Яғни, жанама дауыс беру құқығы арқылы жүзеге асырылатын.

Қазіргі жаһандық ақпараттық даму қазақстандықтардың әлемдік деңгейдегі процестерді қабылдаулары мен жағдайды талдай алуларына байланысты жаңа коммуникациялық трендтерді игергендіктерін көрсетіп отыр. Яғни, жаһандық дамуға байланысты елдің демократиялық процестерге модернизациялануы күннен-күнге артып отыр. Сондықтан, бүгінгі таңда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланбалығы нағыз уақыты пісіп жетілген қажеттілік. Оған дәлел ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына Жолдауында ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу туралы бастама көтеруін айтуға болады [2]. Президенттің пікіріне сүйенетін болсақ, тура сайлаулар еліміздегі саяси модернизацияның жаңа кезеңі болуы тиіс. Сайлау процесі әрқашан сайлау технологияларымен қатар жүреді. Сайлау процесіндегі жүргізілген технологиялардың ашықтығы процестің демократиялылығын көрсетеді. Егер халық тікелей сайлайтын болса, өздері өмір сүріп отырған аймақтық шаруашылық, тұрмыстық, саяси, әкімшілік ерекшеліктеріне байланысты мәселелерге байланысты ұсынылған үміткерлердің бағдарламаларына байланысты таңдай алады. Өз кезегінде электоратпен осы коммуникациялық байланысты орната алу үміткерлердің саяси білімдері мен тәжірибелеріне байланысты.

2021 жылғы 24 мамырдағы заңнамалық құжаттарға енгізілген өзгерістер 5 маусымда күшіне еніп, сайлау 25 шілдеге тағайындалды. Заңнамаға түзетулер аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер әкімдерін тікелей сайлауды енгізу мен барлық деңгейдегі сайлау бюллетеньдеріне «Барлығына қарсы» деген бағанды енгізумен ерекшеленеді [3]. Сондықтан, соңғы әкімдер сайлауындағы жаңа тренд ретінде осы өзгерістерді атай аламыз.


Ауыл әкімдеріне үміткерлер саяси партиялар тізімі арқылы, сонымен бірге өзін-өзі ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Егер, тіркеу мерзімі аяқталатын күні үміткерлер саны екіден кем болса, аудан әкімі үміткерлерді ұсына алады.

Осы жолғы сайлаудың ерекшелігі олардың бір уақытта болмауында. Яғни, ауыл әкімдерінің мерзімдерінің аяқталуына байланысты сайлаулар ұйымдастырылып отырады. Сонымен бірге, сайлауға электораттың қатысуы мен таңдауының өзіндік ерекшелігі болды. Осы тұста коммуникативті технологияның қызметі пандемия жағдайында арта түсті. Өйткені, әлем бойынша өршіп тұрған коронавирус COVID-19 инфекциясы халықтың тығыз топтаспауын талап етті. Үміткерлер бұрынғыдай электоратпен бетпе-бет кездесіп, үгіт-насихат жүргізе алмағандықтан, ақпараттық технологияны әсіресе интернет желісі арқылы кездесулер ұйымдастыруға мәжбүр болды. Сондықтан, осы сайлаудың жаңа технологиялық тренді ретінде үміткер мен электорат арасындағы видео кездесулерді айтуға болады. Осы тұрғыда Еуразиялық интеграция институтының сарапшысы, саясаттанушы Қазбек Майгелдинов: «Интернетке қолжетімді кез келген тұрғын партия жетекшісімен, кандидатпен тікелей байланысқа шығуға мүмкіндігі бар. Бұл саяси процесс қазірдің өзінде жергілікті деңгейде, өте белсенді жағдайда жүріп жатыр» –

деген пікір білдірді [4]. Демек, жергілікті тұрғындардың болып жатқан саяси науқанға бей-жай қарамайтынын байқауға болады.

Егер, сайлау науқанында коммуникативті технологиялардың әралуандығы жүзеге асатын болса, электораттың сайлауға келу көрсеткіші де жоғары болмақ.

1-сурет. 2021 жылғы әкімдер сайлауына облыстар бойынша қатысу деңгейі.



Жоғарыдағы диаграммадан анықталғандай, ең жоғарғы қатысу 90,9% Шығыс-Қазақстан облысында байқалса, екінші орында Жамбыл облысы халқының 90,7% – сайлауға қатысып, жергілікті елдімекенді басқару үшін

болып жатқан әкімдер сайлауына барған. Келесі кезекте Солтүстік-Қазақстан облысы – 87,1%, Қостанай облысы – 84,4%, Қызылорда облысы – 83,6%, Маңғыстау облысы – 82,4%, Батыс-Қазақстан облысы – 81,4% сияқты Қазақстанның аймақтары 80 пайыздан артық қатысып салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішті еңсерді. Бұл аймақтарға қарағанда жергілікті әкімдерді сайлауға 70 пайыздан жоғары көрсеткішпен бірнеше облыстың тұрғындары сайлауға келді. Атап айтатын болсақ, Ақтөбе облысының электораты – 79%, Түркістан облысы сайлаушылары – 77,1%, Павлодар облысы – 76,9%, Қарағанды облысы – 75,8%, Ақмола облысы – 75,5%, Атырау облысы – 74,4% пайызды құраса, ең төменгі қатысуды Алматы облысы құраған. Алматы облысының электораты ауылдық округтердегі әкімдерді сайлауға небәрі 66,5% қатысқан. Жоғарыдағы кесте Қазақстанның аймақтарының әкімдер сайлауына қатысуындағы белсенділігін көрсетеді. Ең белсенді қатысқан Шығыс-Қазақстан облысы болса, ең төменгі қатысуды Алматы облысының электоратының сайлауға келіп дауыс берулерінен байқаймыз.

Қатысу жалпы халықтың қоғамдағы саяси оқиғаларға белсенділігін, саяси мәдениетінің көрсеткішін, яғни саяси сауаттылығын аңғартады.

Қазақстан Республикасының «Казахстанская правда» ресми жалпыұлттық газеті мәліметіне сүйеніп 2021 жылғы 21 шілдедегі әкімдер сайлауының қорытындысын талдауға болады.

***1-кесте. 2021 жылғы әкімдер сайлауының қорытындысы.
Үміткерлер үлесі бойынша.***

| № | Әкімдерді сайлау облыстар бойынша/Облыстар атауы | Сайланған әкімдер саны | Нұр-Отан | Ақ жол | ҚХП | Басқа партиялар | Өзін-өзі ұсынғандар |
|----|--------------------------------------------------|------------------------|----------|--------|-----|-----------------|---------------------|
| 1 | Ақмола облысы | 95 | 76 | 5 | 6 | - | 4 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 35 | 28 | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 3 | Алматы облысы | 71 | 57 | - | - | 3 | 11 |
| 4 | Атырау облысы | 18 | 15 | - | - | 1 | 2 |
| 5 | Шығыс-Қазақстан обл | 77 | 60 | 1 | 1 | 13 | 2 |
| 6 | Жамбыл облысы | 38 | 31 | 1 | 1 | 2 | 3 |
| 7 | Батыс-Қазақстан обл | 31 | 22 | - | - | 2 | 7 |
| 8 | Қарағанды облысы | 75 | 56 | 1 | - | 4 | 14 |
| 9 | Қостанай облысы | 65 | 52 | 2 | - | 4 | 7 |
| 10 | Қызылорда облысы | 40 | 30 | - | 1 | 4 | 5 |
| 11 | Маңғыстау облысы | 10 | 10 | - | - | - | - |
| 12 | Павлодар облысы | 44 | 34 | 1 | - | 3 | 6 |
| 13 | Солтүстік-Қазақстан обл | 71 | 57 | 2 | 4 | 5 | 3 |
| 14 | Түркістан облысы | 60 | 41 | - | - | 2 | 17 |


Кестеде 2021жылғы әкімдер сайлауының қорытындысы үміткерлер үлесі бойынша берілген. Лауазымдық мерзімі аяқталған жергілікті ауылдық пункттерде әкімдерді сайлау санына байланысты үміткерлер құрамының үлесі

анықталған. Сайлау жүргізілген елді мекендердің саны бойынша Ақмола облысы алдыңғы қатарда. 95 ауыл әкімі сайланған. Оның 76-сы Нұр-Отан партиясынан, Ақ-жол – 5, ҚХП – 6, өзін-өзі ұсынғандар – 4. Сайланғандар құрамының басым көпшілігі Нұр-Отан партиясынан болып отыр. Келесі сайлау бойынша көп сайлау ұйымдастырылған облыс Шығыс Қазақстан облысы. Елді мекендерде сайланған әкімдердің 60-ы Нұр-Отан партиясынан, Ақмола облысына қарағанда басқа партиялар үлесі жоғары. Атап айтатын болсақ, басқа партиялар үлесі – 13, Ақ-жол – 1, ҚХП – 1, өзін-өзі ұсынғандар – 2. Бұдан нені көреміз. Сайлау барысында науқанға тіркелген үміткерлердің құрамының саналуандығы пікірлердің көптігін яғни, плюрализм принципіні көрсетеді. Плюрализм демократияның басты белгісі болып табылады. Алматы облысында жағдай өзгешерек. Сайланғандардың 57-і мемлекеттік қызметкерлер, ал 39-ы бұрынғы әкімдер. Аталған облыста өзін-өзі ұсынғандар – 11, басқа партия өкілдері – 3. Атырау, Маңғыстау облыстарындағы жағдай ұқсас. Маңғыстау облысында 10 орынға да Нұр-Отан партиясынан тіркелген үміткерлер сайланды. Ал, Атырау облысында осы жағдайға ұқсас 18 орынның 15-і Нұр-Отан партиясынан болса, өзін-өзі ұсынғандар – 2, басқа партиялардан – 1. Яғни, жалпы алғанда аталған облыстарда Нұр-Отан партиясы басым орынды алып отыр. Қалған облыстарда да сайланған орындардың басым көпшілігі осы Нұр-Отан партиясының өкілдері. Сонымен бірге осы сайлаудың басты тренді өзін-өзі ұсынған үміткерлердің орын алу ерекшелігі. Ең басым өзін-өзі ұсыну арқылы орын алған Түркістан облысы бойынша – 17 адам, Қарағанды облысы бойынша – 14 үміткер сайланды. Ал, Маңғыстау және Алматы облыстарында өзін-өзі ұсыну арқылы әкім лауазымына сайланған үміткер жоқ. 2021 жылғы әкімдер сайлауы көрсеткендей, Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтағы әкімдерді сайлау уақыты жеткен және қажетті жағдай. Өйткені, өзінің ауылдық аймағының тұрмыстық, әлеуметтік-шаруашылық жағдайының ерекшелігін білетін үміткерлерді халықтың өздері, тікелей сайлауы елдің дамуы үшін тиімді. Көптеген жергілікті жерлердегі туындаған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Себебі, халықтың өздері таңдап, қажетті үміткерді сайлауы жергілікті жердегі билік пен халықтың арасындағы коммуникацияны күшейтеді.

Өзін-өзі ұсынудың қоғамның демократиялану жағдайындағы модернизациялық процестерге ұмтылуында тиімді жақтары бар. Атап айтатын болсақ, жергілікті әкімдік лауазымға ұмтылушы үміткер өзінің бағдарламасын сайлаушыларға ұсыну арқылы жаңа идея ұсына алады. Үміткер жергілікті жерге яғни, ауылға тың идеялар әкелу арқылы, ауылды көркейту, дамыту сияқты шараларды жүзеге асыра алады. Соңғы әкімдер сайлауында коммуникативтік трендтер ретінде интернет форумдар, платформалар арқылы сайлаушылармен кездесулер ұйымдастыру орын алды. Әсіресе, Zoom платформасы жақсы пайдаланылды. Әлемдік пандемия жағдайында халықтың денсаулығын қорғау мақсатында үміткерлер тікелей емес, Zoom платформасында кездесулер жасалып, сұрақ-жауаптар ұйымдастырылды. Осы тұста өзін-өзі ұсынатын үміткерлерге зор мүмкіндік туды. Қазақстан

Республикасының дерлік барлық облыстарында өзін-өзі ұсынған кандидаттар жеңіске жетіп жатты. Төмендегі кестеде өзін-өзі ұсынған кандидаттардың әкімдер лауазымына жету қорытындысы көрсеткіші беріледі.

2-сурет. 2021 жылғы әкімдер сайлауының қорытындысы. Өзін-өзі ұсынған үміткерлер үлесі бойынша (адам санына).



Жоғарыдағы суретке назар аударатын болсақ, өзін-өзі ұсынғандардың ішінде ең жоғары көрсеткіш Түркістан облысында өзін-өзі ұсынғандардың 17-сі жеңіске жеткен. Екінші орында Қарағанды облысы – 14, Алматы – 11 үміткер әкім лауазымына сайланған. Қостанай және Батыс-Қазақстан облыстарында 7 үміткерден жеңіске жеткен. Ақтөбе, Атырау, Шығыс-Қазақстан облыстарында 2 үміткерден ауыл әкімі лауазымына сайланған. Өзін-өзі ұсынудың осы 2021 жылы ауылдық әкімдерді сайлауда жүзеге асырылуын осы сайлаудағы жаңа тренд ретінде қарастыруға болады.

Жалпы тіркелеген үміткерлердің 61%-ы өзін-өзі ұсынғандар. Демек, азаматтардың бәсең сайлау құқығына ұмтылуы олардың сайлану құқығын пайдаланулары демек, саяси белсенділіктерінің артуына әкеледі. Жалпы тіркелген үміткерлердің елу пайыздан астамы өзін-өзі ұсынған үміткерлер болуы еліміздегі алғаш рет болып отырған құбылыс. Сондықтан бұл құбылысты 2021 жылғы ауыл әкімдерін сайлаудағы жаңа тренд ретінде ерекше айтуға болады.

Осы сайлаудағы басты тренд, ол сайлау процесіне ҚР Президентінің ұсынысымен енгізілген өзгеріс – бюллетеньдерге «барлығына қарсы» бағанын енгізу. Бұл туралы ҚР Президентінің саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі Ерлан Қарин Қасым-Жомарт Тоқаевтың тағы бір бастамасы республикада

өтетін ауыл әкімдерінің сайлауында нәтиже беретінін айтты. Бюллетеньдерде «барлығына қарсы» деген баған болады. Е.Кариннің пікірінше «Мемлекет басшысы бұл норманы заңнамаға енгізу қажеттігін алғаш рет ағымдағы жылдың 15 қаңтарында VII шақырылымдағы парламенттің бірінші сессиясының ашылуында мәлімдегенін еске салды» [5]. «Содан кейін тиісті заң жобасы әзірленді. Ал 24 мамырда мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға және «Кейбір заңнамалық актілерге сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қосымша заңға қол қойды. Осылайша, мемлекет басшысының бұл маңызды бастамасы алты айдың ішінде сапалы түрде жүзеге асты», - деді Ерлан Қарин [6]. Аталған өзгерістер негізінде қазақстандық сайлаушыларға ұсынылған таңдаудың маңызды бір түрі ретінде қарастырылады. Егер сайлаушы өзінің қалаған үміткері тізімде болмаса сайлауға бармауы мүмкін ал, «барлығына қарсы» бағанасы сайлаушының өзінің барлық үміткерлердің ішінде ешкімді қаламайтынын білдіру үшін де сайлауға баруға мүмкіндік береді. Демек, азаматтардың саяси қатысу мәдениетін жетілдірудің, сайлауға қатысуды арттырудың жолы ретінде қарастыруға болады.

2021 жылы өткізілген ауыл әкімдерін сайлаудың сәтті өтуі, елді басқаруды ұйымдастырудың тиімді жолы болды. Сондықтан, ауыл әкімдерін сайлауды жалғастыру көзделіп отыр. Ары қарайғы әкімдердің тікелей сайлауы олардың өкілеттіктерінің аяқталу мерзіміне қарай 2022 – 2025 жылдары арасында өтеді деп жоспарлануда. Сонымен, 2022 жылы – 352, 2023 жылы – 499, 2024 жылы – 585, 2025 жылы – 72 ауыл әкімі сайланатын болады. Ауыл әкімдерінің сайлауын өткізуге бюджеттен барлығы 17,6 млрд. Оның ішінде биылғы сайлауға 4,8 миллиард теңге жұмсалды [7].

Демек, ауылдық аймақтарда өзін-өзі басқару институты ретінде әкімдерді сайлауды жалғастыру қажеттілігі бүгінгі күннің талабы екені анықталды.

Қорытынды

Зерттеудің нәтижесі көрсетіп отырғандай, Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық даму жолында жергілікті өзін-өзі басқару органдарын халықтың өкілдерін сайлау арқылы құру бүгінгі күннің талабы және қажеттілік ретінде қарастыруға болады. Қазіргі жаһандық дамуда ақпараттық технологияның жыл санап дамуы қоғамда коммуникативті технологиялардың демократиялық сайлауларды ұйымдастырудағы рөлін күшейтіп отыр. Қоғамдағы адамдардың ақпараттық сауаттылығы артқан сайын мемлекет әрқашан халықтың талаптарына дайын болу керек. Осы тұрғыда коммуникацияның рөлі уақыт талабына сай өзекті. Зерттеудің қолданбалы бөліміндегі талдаулардың нәтижесіне сүйене отырып, қорытынды алынды. Демек,

Біріншіден, қоғамның демократиялануы жағдайындағы модернизациялану процесі ауыл әкімдерінің сайланбалылығын дамытудың қажеттілігін анықтады.

Екіншіден, саяси ғылым тұрғысынан ауыл әкімдерін сайлауды зерттеудің өзектілігіне байланысты зерттеу жұмыстарын күшейту қажеттілігі ұсынылады.

Үшіншіден, әкімдерді сайлау барысында, саяси партиялардан және өзі-өзі ұсыну жолымен сайланатындықтан коммуникативті технологиялардың қолданылыс аясы демократиялық инструмент ретінде кеңейтілуі қажет деп саналады.

Ауыл әкімдерін сайлау қазақстандық демократиялық институтты жетілдірудің басты принципі және жергілікті жерлерде орын алатын әртүрлі мәселелерді шешудің жолы ретінде жалғастырылуы қажет институт.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында сайлау институтының қалыптасуы мен даму эволюциясы (1991-2009). Монография. – Нұр-Сұлтан, 2020.
2. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // URL:https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (қаралған мерзімі: 21.09.2022)
3. Выборы акимов: история и современность. Портал «История Казахстана» // URL:<https://e-history.kz/ru/news/show/32779/> (қаралған мерзімі: 15.08.2022)
4. Выборы-2021: тренды регионального развития // URL:<https://24.kz/ru/news/policy/item/447067-vybory-2021-trendy-regionalnogo-razvitiya-> (қаралған мерзімі: 07.03.2022)
5. Новая графа в избирательных бюллетенях станет очередным шагом в расширении избирательных прав граждан // URL:<https://ru.sputnik.kz/society/20210629/17471938/Grafu-protiv-vsekh-vklyuchat-v-byulleteni-na-vyborakh-selskikh-akimov.html> (қаралған мерзімі: 16.03.2022)
6. Действующие акимы не должны участвовать в выборах сельских акимов, считают в НПК // URL: <https://ru.sputnik.kz/society/20210629/17471938/Grafu-protiv-vsekh-vklyuchat-v-byulleteni-na-vyborakh-selskikh-akimov.html> (қаралған мерзімі: 15.07.2022) (қаралған мерзімі: 15.08.2022)
7. Первые выборы сельских акимов в Казахстане: 61% желающих – самовыдвиженцы // – URL:<https://ru.sputnik.kz/regions/20210725/17676143/Pryamyevybory-selskikh-akimov-vpervye-.html> (қаралған мерзімі: 10.09.2022)

REFERENCES:

1. Kazakhstan Respublikasynda sajlau institutyнын qalyptasuy men damu evolyuciyasy [Formation and evolution of the electoral institution in the Republic of Kazakhstan (1991-2009)]. Monograph. - Nur-Sultan, 2020.].
2. Zhana zhagdajdagy Kazakhstan: is-kimyl kezeni. Memleket bashysy Qasym-Jomart Tokaevtyн Qazaqstan halkuna Joldaуy [Kazakhstan in the new situation: the period of action. Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan]. URL:https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (Acceded date: 21.09.2022)
3. Vybory akimov: istoria i sovremennost. Portal «Istoriya Kazakhstana» [Elections of akims: history and modernity. Portal "History of Kazakhstan"]. URL:<https://e-history.kz/ru/news/show/32779/> (Acceded date: 15.08.2022)
4. Vybory-2021: trendy regionalnogo razvitiya [Elections-2021: the trend of regional development]. URL: <https://24.kz/ru/news/policy/item/447067-vybory-2021-trendy-regionalnogo-razvitiya> (Acceded date: 07.03.2022)
5. Novaya grafa v izbiratelnyh byulleteniah stanet ocherednym shagom v rasshirenii izbiratelnyh prav grazhdan [The new column in the ballot papers will be the next step in expanding the voting rights of citizens]. URL:<https://ru.sputnik.kz/society/20210629/17471938/Grafu-protiv-vsekh-vklyuchat-v-byulleteni-na-vyborakh-selskikh-akimov.html> (Acceded date: 16.03.2022)
6. Dejstvuyushhie akimy ne dolzhny uchastvovat` v vborah selskikh akimov, schitayut v NPK [Acting akims should not participate in the elections of rural akims, according to the PPK]. <https://ru.sputnik.kz/society/20210629/17471938/Grafu-protiv-vsekh-vklyuchat-v-byulleteni-na-vyborakh-selskikh-akimov.html> (Acceded date: 15.08.2022)
7. Pervyye vybor` selskikh akimov v Kazakhstane: 61% zhelayushih – samovydvizheny [The first election of rural akims in Kazakhstan: 61% of candidates are self-nominated]. URL:<https://ru.sputnik.kz/regions/20210725/17676143/Pryamyevybory-selskikh-akimov-vpervye-.html> (Acceded date: 10.09.2022)